

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

02 сәуір 2018 жыл

### **KASE "KASE Startup" сауда-саттық алаңын іске қосады**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) 2018 жылдың 09 сәуірінде KASE Startup сауда-саттық алаңын (бұдан әрі – сауда-саттық алаңы) іске қосатыны туралы хабарлайды. Сауда-саттық алаңы стартап-компаниялар мен инвесторлар арасындағы коммуникацияларды қалыптастыруға арналған. Алаң шегінде қатысушыларға қор нарығының кәсіби қатысушылары арқылы стартап-компаниялардың капиталында үлестерді сатып алу-сату бойынша Биржада мәмілелер жасасу мүмкіндік беріледі. Бұл ретте қатысушылар KASE инфрақұрылымының барлық артықшылықтарын пайдалана алады.

Сауда-саттық алаңына оның қатысушысы ретінде рұқсаттаманы тек жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында ұйымдастырылған стартап-компаниялар ғана ала алады. Бұл ретте стартап-компанияға мына критерийлердің біреуіне ғана сәйкес келсе жеткілікті:

- компанияның, Алаңды дамыту бойынша Биржамен меморандумға қол қайған, Биржаның серіктестерінің (бизнес-инкубатордың, инвестициялық қордың, консалтингтік және краудфандингтік компанияның) бірінде тіркеуінің болуы;
- компания капиталының 30 % астам мөлшерде үлесі бар стратегиялық инвесторының бар болуы;
- өтінім бергенге дейін стартап-компаниясының қатысушылары құрамына кмінде бір жыл бұрын кірген, инвестициялық қордың инвесторының бар болуы;
- компанияның қаржыландырылатын бағыт бойынша сатылымдарының бар болуы.

2017 жылдың 03 қазанында Биржа сауда-саттық алаңының алғашқы ашық презентациясын SmArt.Point коворкингтік орталығында өткізіп, KASE, бизнес-инкубаторлар, стартап-компаниялар және инвестициялық қорлардың өкілдері мүдделі тараптардың алдында сөз алды. Іс-шара қорытындысы бойынша осы нарыққа қатысушылар арасында меморандумға қол қойылды.

### **Анықтама үшін**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

2015 жылы KASE БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" Бастамасына қосылды. KASE ТМД елдері арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша екінші орында, ал FEAS биржаларының акциялар нарықтарының капитализациясы бойынша алтыншы орында.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)